

А.М. Ким^{1*} , Н.Н. Хон² , Л.О.Баймолдина¹ 

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

²Тұран университеті, Алматы, Қазақстан

*email: a.kim@inbox.ru

ЖҮЙЕЛІК ТӘСІЛ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аннотация құрылымы келесі МІНДЕТТІ тармақтарды қамтиды:

- Зерттеу тақырыбы туралы кіріспе сөз.
- Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары.
- Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы.
- Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы.
- Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдауы, қорытындылары.
- Жүргізілген зерттеудің құндылығы (осы жұмыстың тиісті білім саласына қосқан үлесі).
- Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңызы.

Аннотация көлемі қазақ тілінде **кемінде 150 сөз** болуы тиіс.

Түйінді сөздер/сөз тіркестері (5–7).

Мақала құрылымы міндетті түрде келесі бөлімдерді қамтиды: (IMRAD форматы):

- Кіріспе
- Әдебиеттерге шолу
- Материалдар мен әдістер
- Нәтижелер және талқылау
- Қорытынды

Мақала мәтінін техникалық рәсімдеу:

- **Қаріп өлшемі** – 12 (аннотация, түйін сөздер, әдебиеттер - 10, кесте мәтіні – 9-11)
- **Қаріп** – Times New Roman
- **Туралау** – мәтін ені бойынша
- **Жоларалық интервал** – бір
- **Абзацтық шегініс** – 0,8 см
- **Жиектер:**
 - жоғары және төменгі – 2 см
 - сол және оң – 2 см.

Мақаланың көлемі (*атауы, авторлар туралы мәліметтер, аннотация, түйінді сөздер, әдебиеттер тізімі есепке алынбағанда*) әлеуметтік-гуманитарлық бағыттар үшін кемінде 3000 сөзді (7–15 бет) құрауы тиіс.

Кіріспе

Тақырыпты таңдауды негіздеу; тақырыптың немесе мәселенің өзектілігі. Тақырыпты таңдауды негіздеу барысында алдыңғы зерттеушілердің тәжірибесін сипаттау негізінде проблемалық жағдайдың бар екендігі көрсетіледі (қандай да бір зерттеулердің болмауы, жаңа

нысанның пайда болуы және т.б.). Тақырыптың өзектілігі осы нысанды зерттеуге деген жалпы қызығушылықтың болуымен, бірақ қойылған сұрақтарға толық жауаптардың жоқтығымен анықталады, сондай-ақ тақырыптың теориялық немесе практикалық маңыздылығымен дәлелденеді. *Зерттеу объектісін, пәнін, мақсаттарын, міндеттерін, әдістерін, тәсілдерін, гипотезасын және жұмыстың маңызын анықтау қажет. Зерттеу мақсаты* тезисті дәлелдеумен байланысты, яғни зерттеу пәнін автор таңдаған қырынан ұсынуды көздейді.

Жаратылыстану және техникалық бағыттар бойынша ғылыми жұмыста *кемінде 15 әдебиет атауы* пайдаланылуы тиіс. Жалпы әдебиеттер санының *кемінде 50%-ы ағылшын тілінде болуы қажет*. Егер әдебиеттер тізімінде кириллицада берілген еңбектер болса, онда әдебиеттер тізімі екі нұсқада ұсынылуы керек: бірінші – түпнұсқада, екінші – романизацияланған әліпбиде (транслитерация).

Осы бөлімде келесілерді ескеру қажет:

- Осы ғылым саласында қолданылатын және автор жұмысының негізін құрайтын негізгі ғылыми жарияланымдар мен озық зерттеу әдістері дәйексөзделуі тиіс.
- Шамадан тыс өзін-өзі дәйексөздеуден аулақ болыңыз.
- ТМД/КСРО авторларының жарияланымдарына шамадан тыс сілтеме жасаудан аулақ болып, әлемдік тәжірибені пайдаланыңыз.
- Әдебиеттер тізімі мақала тақырыбы бойынша шетелдік танымал авторлар мен зерттеушілердің іргелі және ең өзекті еңбектерін қамтуы тиіс.

Мәтіндегі *дәйексөздерге сілтемелер* жақша ішінде беріледі, ол жерде еңбектің бірінші авторы және жарияланған жылы көрсетіледі. Мысалы: (Залесский, 1991).

Дәйексөздеу нұсқалары:

Ғылымда алғаш рет М.Ж. Жандаев тарапынан өзендер мен өзен аңғарларының шығу теориясы әзірленген, ол "Речные долины" (1984) монографияларында баяндалған.....

М.Ж. Жандаев атап өткендей (1984), өзендер мен өзен аңғарларының шығу теориясы.....

"Речные долины" монографияларында баяндалған (Жандаев, 1984) өзендер мен өзен аңғарларының шығу теориясы

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл бөлім материалдар мен жұмыстың барысын сипаттаудан, сондай-ақ қолданылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс.

Нәтижелер мен талқылау

Бұл бөлімде сіздің зерттеу нәтижелеріңіздің талдауы мен талқылауы берілуі тиіс. Зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша қорытындылар келтіріледі, негізгі мәні ашылады. Бұл мақаланың ең маңызды бөлімдерінің бірі болып табылады. Мұнда өз жұмысыңыздың нәтижелерін, сондай-ақ алдыңғы зерттеулер, талдаулар және қорытындылармен салыстырғандағы сәйкес нәтижелерді талдау мен талқылау жүргізілуі қажет.

Қорытынды

Бұл бөлімде жұмыстың осы кезеңдегі қорытындысы мен жиынтық талдауы беріледі; автор ұсынған тұжырымның дұрыстығы расталады және алынған нәтижелерді ескере отырып ғылыми білімнің өзгеруі жөнінде автордың тұжырымы көрсетіледі. Қорытындылар абстрактілі болмауы тиіс, олар зерттеу нәтижелерін белгілі бір ғылыми салада жалпы талдау

үшін қолданылуы қажет, ұсыныстар немесе болашақ жұмыстардың мүмкіндіктері сипатталады.

Қорытынды құрылымы келесі сұрақтарды қамтуы тиіс:

- Зерттеу мақсаттары мен әдістері қандай?
- Қандай нәтижелер алынды?
- Қорытынды қандай?
- Дамыту, енгізу немесе қолдану мүмкіндіктері қандай?

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ

Жұмыспен байланысы жоқ көп сілтемелерді қолдану, өз жетістіктеріңіз туралы орынсыз пікірлерді жазу, бұрынғы еңбектеріңізге артық сілтемелер беру.

Әдебиеттер (Қаріп өлшемі – 10)

Романизацияланған әдебиеттер тізімін, сондай-ақ ағылшын (немесе басқа шетелдік) тіліндегі дереккөздерді *рәсімдеу стилі* – [APA Style](#)
Қаріп өлшемі – 10.

Журнал мақаласы

Argynov, Z. (2021). Hardly visible, highly admired? Youth perceptions of the EU in Kazakhstan. *Journal of Eurasian Studies*, 13(1), 42-55. <https://doi.org/10.1177/18793665211058187>

Diener, E., Oishi, S., Tay, L. (2018). Advances in subjective well-being research. *Nature Human Behaviour*, 2(4), 253–260. <https://doi.org/10.1038/s41562-018-0307-6>

Zimmerman, B. J. (2000). Attaining self-regulation: A social cognitive perspective. *Handbook of self-regulation*, 13(1), 13–39. <https://doi.org/10.1016/B978-012109890-2/50031-7>

Schmiedeler, S. (2013). Wissen und Fehlannahmen von deutschen Lehrkräften über die Aufmerksamkeitsdefizit-/Hyperaktivitätsstörung (ADHS) [German teachers' knowledge and misperceptions about ADHD]. *Psychologie in Erziehung und Unterricht*, 60, 143–153. (in German)

Кітап

Dzhoys, F. (2022). *Geshtalt-terapiya shag za shagom: Prakticheskoe rukovodstvo* [Gestalt Therapy Step by Step: A Practical Guide]. Sankt-Peterburg: Piter, 240 (in Russian)

Chesnokova, I.I. (1977). *Problema samosoznaniya v psihologii* [The problem of self-awareness in psychology]. M.: Nauka, 144 (In Russian)

Goleman, D. (1995). *Emotional intelligence*. New York, NY: Bantam Books.

Веб-сайт (ғылыми немесе институционалдық ресурс)

Analiticheskij doklad «Osobennosti uchebnoj i trudovoj migracii molodezhi v prigranichnyh regionah». [Peculiarities of educational and labor migration of young people in border regions. Analytical report]. [Electronic resource]. Scientific Research Center "Youth", 2022. URL: <https://www.eljastary.kz/upload/iblock/a91/14o50g6iam7fpo6wbvd7dnw8vd7png7g.pdf> (access date: 08.09.2025). (In Russian)

Hervé, N. (2022). Youth, Migration and Development: A New Lens for Critical Times. KNOMAD. <hal-04392354>. [Electronic resource]: <https://hal.parisnanterre.fr/hal-04392354> (access date: 08.09.2025).

World Health Organization. (2023). *Mental health in adolescence*. <https://www.who.int/news-room/fact-sheets/detail/adolescent-mental-health>

Қазақ және орыс тіліндегі дереккөздердің романизацияланған әдебиеттер тізімі келесі үлгіде берілуі тиіс: автор(-лар) (транслитерация) → (жылы домалақ жақшада) → мақала атауы транслитерацияланған түрде [мақала атауының ағылшын тіліне аудармасы квадрат жақшаларда]. Орыс тіліндегі дереккөз атауы (транслитерация немесе ағылшынша атауы – егер бар болса), жариялану деректері ағылшынша белгілеумен.

Gokhberg L., Kuznetsova T. (2011). Strategiya-2020: novye kontury rossiiskoi innovatsionnoi politiki [Strategy 2020: New Outlines of Innovation Policy]. *Foresight-Russia*, 5(4), 8–30.

Авторлар туралы мәлімет

Авторлар туралы мәлімет:

Шеденова Назым Утегалиевна (корреспондент-автор) – әлеуметтану ғылымдарының докторы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: nshedenova@gmail.com

Қолжазбаның соңында авторлар **CRedit таксономиясына** сәйкес әр автордың үлесін көрсететін мәлімдеме ұсынуы тиіс.

Авторлардың үлесі туралы мәлімдеме екі немесе одан да көп авторы бар қолжазбалар үшін міндетті болып табылады.

Қатысушылардың рөлдері (CRedit):

Концептуализация	идеялар; зерттеудің жалпы мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру немесе дамыту.
Деректерді өңдеу	деректерді басқару қызметі: аннотациялау (метадеректер жасау), деректерді тазалау және зерттеу деректерін сақтау (деректерді түсіндіру үшін қажет болған жағдайда бағдарламалық кодты қоса алғанда) бастапқы пайдалану және кейін қайта қолдану үшін қамтамасыз ету.
Ресми талдау	зерттеу деректерін талдау немесе біріктіру үшін статистикалық, математикалық, есептеу немесе басқа формалды әдістерді қолдану.
Қаржыландыру	осы жарияланымға әкелетін жобаға қаржылық қолдау алу.
Зерттеу	зерттеу процесін жүргізу, соның ішінде эксперименттер орындау немесе деректер/дәлелдер жинау.
Әдістеме	әдістемені әзірлеу немесе жобалау; модельдер жасау.
Жобаны басқару	зерттеу қызметін жоспарлау мен орындауды басқару және үйлестіру жауапкершілігі.
Ресурстармен қамтамасыз ету	зерттеу материалдарын, реагенттерді, пациенттерді, зертханалық үлгілерді, жануарларды, құрал-жабдықтарды, есептеу ресурстарын немесе басқа талдау құралдарын қамтамасыз ету.
Бағдарламалық қамтамасыз ету	бағдарламалау, бағдарламалық қамтамасыз ету әзірлеу; компьютерлік бағдарламаларды жобалау; бағдарламалық код пен қолдаушы алгоритмдерді іске асыру.
Бақылау	зерттеу қызметін жоспарлау мен орындауға жетекшілік ету және бақылау, соның ішінде негізгі топтан тыс тәлімгерлік.
Нәтижелерді тексеру	нәтижелердің/эксперименттердің және басқа зерттеу нәтижелерінің қайталануы мен қайта өндірілуін тексеру (жұмыстың бөлігі ретінде немесе бөлек қызмет ретінде).
Көрнекі материалдар дайындау	жарияланған жұмысты дайындау, жасау және/немесе ұсыну, әсіресе деректерді визуализациялау және көрсету.

Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу	қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындау және жазу (маңызды аударманы қоса алғанда).
Мәтінді редакциялау және толықтыру	бастапқы зерттеу тобы мүшелері тарапынан жарияланған жұмысты дайындау және өңдеу, соның ішінде сыни шолу, пікір білдіру немесе түзету – жарияланымға дейінгі немесе кейінгі кезеңдерде.

Автор бірден бірнеше рөл атқаруы мүмкін – автор мақалаға бірнеше түрлі үлес қосуы мүмкін, сондықтан оған бірнеше CRediT рөлі тағайындалуы ықтимал;

Бір рөл бірнеше авторға тағайындалуы мүмкін – белгілі бір CRediT рөлі бірден бірнеше авторға қатысты болуы мүмкін;

Кейбір рөлдер қолданылмауы мүмкін – әр ғылыми жұмыс әртүрлі; егер кейбір CRediT рөлдері нақты жарияланымға сәйкес келмесе, оларды көрсетудің қажеті жоқ.

Мысал

Авторлардың үлесі

Автор 1: Тұжырымдама жасау, Әдістеме әзірлеу, Зерттеу жүргізу, Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу.

Автор 2: Деректерді өңдеу және басқару, Формалды талдау, Көрнекі материалдар дайындау, Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Автор 3: Ғылыми жетекшілік, Қаржыландыру тарту, Жобаны басқару, Мәтінді редакциялау және толықтыру.